

МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ: ҮШ ТІЛДІЛІК

Сон Ен Хун
Ханжук Шет Тілдері Университеті, Корея

논문명: 카자흐스탄의 언어정책 - 다중언어정책

필자: 손영훈, 한국의국어대학교

개요: 이 글은 지난 12 월 제 1 차 나자르바예프 포럼의 발표문을 수정 보완한 것으로 독립이후 지난 20 년 동안 카자흐스탄의 정치경제적 발전에 대한 평가와 함께 카자흐스탄의 언어정책 즉 국민을 통합하는 국가언어로서 카자흐어의 지위 확립의 시급성과 함께 2007 년 이후 카자흐스탄의 국가경쟁력을 높이기 위한 다중언어정책의 정당성을 논의하였다.

주제어: 카자흐스탄, 나자르바예프, 언어정책, 카자흐어, 3 중 언어정책

Название статьи: Государственная политика: триязычие

Автор: Сон Ёнг Хун, Ханжукский иняз, Корея

Резюме: В настоящей статье дается обзор 1-ых Назарбаевских чтений, прошедших в декабре 2012 год, на которых была дана оценка политико-экономического развития Казахстана за прошедшие 20 лет независимости и были обсуждена политика триязычия, в целях повышения конкурентоспособности Казахстана на период с 2007 года, а также прошли дебаты по срочному установлению места и роли казахского языка как государственного, объединяющего казахстанцев и решению по языковой политике Казахстана.

Ключевые слова: Казахстан, Назарбаев, языковая политика, казахский язык, политика триязычия

Қазақстан егеменді ел болып қана қоймай, әлемдік саясатта ерекше орны бар мемлекетке айналды. ОБСЕ-ге жетекшілік етті, ислам конференциясы ұйымына басшылық жасады. Біріккен Ұлттар ұйымына адам құқықтарын қорғау кенесінің мүшесі болып жатыр. Тіпті 2017 жылғы ЕХРО-ның иесі болды. Қазақстан Президентінің бастауымен білім мен ғылымға қамқорлық, қоғамды саяси модернизациядан өткізу, еңбек қоғамын құру, инновациялық технологияларды енгізу, осының бәрі Қазақстанды жаңа қырынан таныта бастап, Қазақстан алдына жаңа замана міндеттерін қойып отыр.

Бұл ретте мемлекеттік тіл саясатының өзекті мәселелеріне соқпай кету мүмкін емес. Қазақстанда тіл саясатының жаңа ұстанымы қалыптасқаны дұрыс. Бірақ мұның бәрі Қазақстан халықтарының тілін қудалау не қысымшылық жасау тұрғысынан емес, мемлекеттік тіл саясатының аясында жүргізілгенін білдіреді. Бұл ретте Н.Ә.Назарбаевтың 2006 жылғы Қазақстан халқы ассамблеясында сөйлеген сөзін қолдайтынымды мәлімдеймін. «Қазақтар үшін мемлекеттік тілді білу – міндетті талап болуы тиіс», – деді.

Алтай тегіміздің ортақ екені мені ғылыми ізденіспен қазақ еліне алып келді. Қазақты тану арқылы Қазақстанды, және оның ұлттық саясатымен таныстым. Сон-ау бір Сталиндік репрессия жылдарында менің корейлік қандастарым қазақ жерінің жылулығын сезінді, қазақ халқының мейірім шуағына бөленді, қазақтардың бір тілім наны мен бір асым етімен жандарын сақтады. Қазақстан халықтарының бірлігі мен ынтымағына қызыға қарадым. Қазақстандық корейлердің бақуатты өмірінің куәсі болдым. Корей театрын тамашаладым, «Ариран» ансамблінің әнін естідім, «Корей Ильбо» газетін оқыдым. Сонан соң таң қалдым. Корейлер диаспорасы ірі шоғырланған елдер жоқ емес, бар. Бірақ олардың ешқайсысында мұндай үрдіс жоқ. Әрі мұның бәрі мемлекет тарапынан қамқорлықта екенін білген соң, Қазақстанға, оның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа деген құрметімді, қазақ ұлтына деген сүйіспеншілігімді білдіргім келді.

Қысқа мерзімде кеңестік жүйеден шығып, Қазақстанның өз алдына айтулы ел болғанын көріп отырмын. Қазақстанда қуатты экономика, білімге ұмтылған ұрпақ бар. Соңғы үш жылда Қазақстандағы мемлекеттік тіл саясаты жаңа арнаға бұрылғанын, сонымен тілдерді дамытудың жаңа Қазақстандық моделі қалыптасып жатқанын баса айтқым келеді. 2007 жылы Н.Назарбаев «Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан» атты халқына жолдауын ұсынды. Бұл Жолдаудан өзімді қатты қызықтыратын жолдарды таптым. Қазақстанда мемлекеттік саясаттың тілдерді дамыту стратегиясының үш тілділігі қамтылыпты. «Қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі, ағылшын тілі – жаһандық экономикаға кірігу тілі». Әрине, маман ретінде мен мұндай ұстанымның өміршеңдігін сеземін. Мемлекеттік тіл саясатының балабақшадан басталып, бұл бүкіл мектеп жүйесін реформалауға жол салатынын атап өтуге тиіс. Он екі жылдық оқу жүйесі, ағылшын тілінің кірігуі, Назарбаев зияткерлік мектептері

мен Назарбаев университетінің жаһан тілінде білім бере бастауы Қазақстандық экономиканың даму жолының орныққанының дәлелі. Сондықтан да елдің кемел болашағына берік сеніммен қараймын.

Тіл саясаты сындарлы, байыпты талдауды қажет етеді. Мемлекетті құрап отырған ұлт өз ана тіліне өгейсіген кейіпте көрінеді. Қазақстанда 2005 жылы тілді дамытуға 133 миллион, 2006 жылы 560 миллион, 2007 жылы 3 миллиардтан астам, ал 2008 жылы 5 миллиард, 2011 жылы 234, үстіміздегі жылға 117 миллион теңге бөлініпті. Өзінің ана тілін меңгеру үшін осыншама қаржы бөлген Қазақстан дұрыс бағытта келе жатыр деп санауға болады.

Мәселен, Канадада француз тілінің мәртебесін көтеру үшін, оны орнықтыру мақсатында мемлекет тарапынан қаржы бөлініп, тиісті ұйымдастыру шаралары жүргізіледі. Квебек саясаты дәл Қазақстандық саясатпен үндесіп жатыр.

Малазияда да осындай тіл саясаты орныққан. Оның саяси лейтмотиві мынада. «Сен көршінің тілін білуге тиіссің». Дәл осы мақсат Қазақстан үшін де орайласып тұр. Өйткені бір жақта Ресей, екінші жақта Қытай, үшінші жақта Өзбекстан тұр. Шекаралық мемлекеттер үшін де тілді білу өте маңызды. Өйткені сауда-саттық та, бизнес те, жаңа технологиялар да іргелі елдерде. Міне, осыдан тіл саясатының практикалық негіздері өз-өзінен көрініп келеді. Сондықтан да Қазақстандағы мемлекеттік тіл саясаты осы қажеттілікті ескере отырып жүргізілгені жөн.

Кезінде орыс тілі Біріккен Ұлттар Ұйымының 6 тілінің бірі еді. Ресей ішкі саяси, әлеуметтік, экономикалық мәселелерді шешу барысында орыс тілінің мәртебесін төмендетіп алды. Әлемдік деңгейдегі жиындарда орыс тілі шеттетілді. Енді ғана сол кемшіліктің орнын толтыруға ұмтылып жатыр. Осындай жағдайлар, әлемге енді ғана аты таныла бастаған Қазақстан үшін сабақ болар деп ойлаймын.

Үндістанның мемлекеттік тілі хинди болғанымен ұлтты біріктіруші ағылшын тілі. Өйткені Үндістанда жергілікті тіл диалектілерінің көптігі сондай, олар бір-бірін түсіне бермейді. Сондықтан да ағылшын тілі ұлтты біріктіруші тіл ролін атқарып отыр.

Швеция жағдайы да осыған ұқсас. Мұнда фин тілінің мәртебесі үшін едәуір жұмыстар атқарылып, тиісті қаржылар бөлінуде. Бұл жоғарыда келтірілген мысалдарға қосымша дерек

болар деп ойлаймын. Осы жолда қазақ елі өзінің дұрыс саясатын құрып отыр деп есептеймін.

Ал, Кореяның тіл жағдайына келетін болсақ Еліміз Жапония қоластына қараған кезеңде, корей тілі қысым көріп, тіпті пайдаланудан қалған еді. Дегенмен, 1945 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін бір ғана ұлтты (моноұлтты) Корея елі корей тілін қайта қалпына келтіру үшін корейлердың қолдауымен қатал тіл саясатын ұстанған болатын. Содан бастап, барлық оқу орындарында корей тілінің қолданысы ұлғайып, қарқынмен дами бастады. Сонымен қатар Әлем елдерімен дипломатиялық пен саудалық қарым-қатынасын орнату үшін орта және жоғары оқу орындарында ағылшын тілінен бастап, өзге де шет тілдерді оқытуды қолға алынды. Сөйтіп, 1990 жылдары жаһандануға байланысты ағылшын тілінің маңызы артып, барлық бастауыш мектептерде ағылшын тілін оқыту міндеттелді. Қазір университеттер мен мемлекетте, кәсіпорындарда мен мекемелерде тек корей тілі ғана емес, ағылшын тілі де жоғары дәрежеге ие болып отыр. Шет тілдері Кореяның экономикасы мен техникасының дамуына түрткі болды, бәсекелестікті кеңейту үшін негізгі көрсеткіш ретінде бекітіліп келеді. Сондықтан ағылшын тілін ресми тілге ауыстыру жайында мәселесі 1990 жылдардан бастап көтерілген еді, бірақ, ғалым мен мамандар арасында өзара қайшы пікірлер болып, қолдау таппады.

2000 жылдан Корея көп ұлтты, көп мәдениетті қоғамға айналу үрдісі етек алды, сол себепті Кореяда да корей тілі, ағылшын тілімен қоса өзге де шет тілдерінің қолданыс аясы кеңейтіп, тіл қақтығысы де белең алуда. Жалпы осы қатарлы мәселелерді шешуде көп ұлтты Қазақстанның тіл және ұлт саясатындағы тәжірибесі Кореяға маңызды үлгі бола алады деп ойлаймын.

Ал, бұл жерде айта кететінім, 2004 жылдан біздің университетте мемлекеттік тілді білетін жас мамандарды даярлау мақсатында Орта Азия тілдері кафедрасы ашылып қазақ тілі оқыта басталған. Кореяда қазақ тілінен білім берудің мерзімі әлі қысқа болғандықтан алда көптеген шешілмеген мәселелер бар екеніне сөз жоқ. Сонымен қатар 8 жылдық тарихы бар Орта Азия тілдері кафедрасы осы уақыт ішінде жеткен нәтижелерін көрсетіп, білім беру сапасын дамытуды басты мақсат етіп қойып отыр. Әрине, шет елде қазақ тілінен білім берудің өзі қазақ елі үшін үлкен көрсеткіш. Сондықтан Қазақстан тарапынан осындай

кафедраларға ерекше көңіл бөліп, олармен етене қарым-қатынас орнатып, қазақ тілінің болашағы үшін жұмыс жасауымыз қажет.

Бүгін Кореяда қазақ тілін оқып жатқан студенттердің болашағы Қазақстандағы қазақ тілі қолданысы мәселесімен тығыз байланысты. Яғни қазақ тілін үйреніп, мемлекеттік органдар не фирмаларға жұмысқа тұру сұрағы Кореяда қазақ тілінен білім беру мәселесіне жалғасады, қатты әсер етіп жатқан мәселе болып жатыр. Студенттеріміз тілді оқуға Қазақстанға барғанда жергілікті тіл жағдайын көріп көңілдері қалады, орыс тілінің қолданысы көп болғанын көріп қазақ тілін оқуға деген ынтасы жоғалады. Қазір Кореяда қазақ тілінен білім беру аясы азайып, өзбек тілін оқитын студенттердің саны өсіп жатқаны да сол себептен шығар.

Сондықтан да Қазақстанның тіл заңдарында көрсетілгендей мемлекеттік тіл мәртебесі толығымен жүзеге асырылса, қолданысы кең болса, іс қағаздары да қазақ тілінде толық жүргізілсе деймін. Және Қазақстан халықтары арасында оны біріктіруші тіл ретінде қолдану керек деп ойлаймын.

Қазақстан Республикасында тілдерді дамытудың құқықтық негіздері баршылық. Бірақ көп жағдайда ол декларативтік сипат алғаны сияқты. Іс қағаздары аударма деңгейінен аса алмағаны байқалады. Сайып келгенде бұл ескі әдеттердің әлі де орын алып отырғандығын көрсетеді.

Қазақстан Республикасындағы тілдерді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы тіл саясатындағы түйткілдерді шешуге мүмкіндік беретін болар. Он миллионға жуық қазақтың төрт миллионға жуығы қазақ тілін білмейді деген ақпаратты БАҚ-тан оқыдым. Әрине, бұл цифрлар Қазақстанда тіл мәселесі күрделі екенін көрсетеді. Орыс тілді қазақтардың саны, қалалық қазақтардың ішінде басымдыққа ие екен. Олар Ана тілін, ұлт тілін өздері үйренудің орнына оған үрке қарайды. Ұлтжандылықты таза кейіптегі ұлтшылдықпен, шовинистік пиғылмен мүлдем шатастырып алуға болмайды. Бұл өз кезегінде «дала қазақтары», «қала қазақтары», «асфальттық қазақтар» деген қолдан жасалған терминдердің қалыптасуына әкеліп соқтырды. Қазақ ұлтының ішінде мұндай бөлінулерге мүлдем жол беруге болмайды. Қазақ бір-бірін кемсітушілікке жол бермегені қажет. Ондай болмаған жағдайда мемлекеттік тіл саясатын жүргізу қиын соғады.

Әрине, көпұлтты елдерде біріктіруші тіл мемлекеттік тіл болып табылады. Осы жолда Қазақстанда да өз саясатын құрып отыр деп есептеймін. Қазақстанда мемлекеттік тілдің ұлт

бірлігінің басты факторы ретіндегі ролін көтеру үшін жұмыстар жүргізіліп жатыр. Ол әлі толығымен орнықпаса да, түрлі шаралар өтеді, көптеген этнос өкілдерінің қатысуымен «қазақша сөйлейміз» сияқты ТВ бағдарламалар эфирге шығады. Мұның практикалық, саяси-әлеуметтік маңызы зор, бұған тілектестікпен қараймын. Мемлекеттік тілді дамытуда бірыңғай, біртекті әдістемелік тетіктерін бекіту де пайдалы болар деп ойлаймын. Айқын, нақты бағытпен жұмыс істеу керек екенін тіл мамандары жақсы түсінеді.

«Айқын» газеті ақпаратына сәйкес, Ұлттық бірыңғай тест кезінде қазақ тілі – бесінші пән ретінде қосылғанымен, жиналған балл есепке алынбайды екен. Егер жиналған балл есепке алынатын болса, талапкерлер жоғары білім алу үшін тілді игеруге тіпті мәжбүр болар еді десек те болады. Сұраныс сонда болар.

Сөзден іске көшетін уақыт келгенін Қазақстандық достар түсіне бастаса игі. Балабақша, мектеп, жоғары мектеп, мемлекеттік қызмет, жоғары билік бір тілде сөйлесе, мемлекеттік тілдің мәртебесі де, құқықтық базасы да ағылшын, орыс тіліндей жоғары деңгейге жетпек.